

Кел, балалар, оқылық!



Бал дәурен

№15 (358) 2 тамыз 2016 жыл

Газет 2001 жылдан бастап шығады

Жаңалықтар.Хабарлар

Зияткерлік сайыс



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі жазғы демалыста балалардың бос уақытын тиімді пайдалануға үйрету, кітапқа деген қызығушылығын арттыру және кітапхана жұмысын насихаттау мақсатында жаз бойы түрлі шаралар өткізбекші. Осының айқын мысалындай жақында №278 орта мектептің "Жаз самалы" күндізгі тынығу лагеріндегі балалар арасында "Зерек бала" зияткерлік сайысы өткізілді. Сайыс мақсаты, балалардың ойлау қабілеттерін шыңдай отырып, көркем әдеби тілде сөйлей білуге баулу, берілген тапсырмаларды шапшаң ойлап, нақты жауап беруге, тапсырмаларды орындау талабы

бойынша ұжымдастыққа, бірлікке тәрбиелеу, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерге жетелеу, жан-жақты жетілген, білімді де, саналы ұрпақ тәрбиелеу болатын. "Бәйге", "Үшқыр ой", "Тапқыр болсаң, талас жоқ", "Құпия сандық", "Айшықты сөздер", "Мақал - сөздің мәйегі", "Сөзжұмбақ" кезеңдерінен тұратын сайыс қызықты өтті. Шара соңында балалар кітапхана бөлімдеріне саяхат жасап, мультфильм тамашалады, "Кітаптар патшалығына саяхат" және "Жазғы демалыс - жақсы кітап" атты кітап көрмелеріндегі әдебиеттермен танысты.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы.

Кітапханада өткен ойын-мереке



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі жазғы демалыс күндерінде балалардың бос уақытын тиімді пайдалану және оларға әдебиеттерді насихаттау мақсатында түрлі шаралар өткізуде.

Ағылшын жазушысы, ертегіші Алан Милннің "Винни-Пух әрі бәрі, бәрі, бәрі" кітабы бойынша ойын-мереке өткізілді. Ойын-мерекеге №198 орта мектептің "Планета детства" жазғы лагеріндегі балалар қатысты.

Алан Милн XX ғасырдың әйгілі туындыларына жататын, қиял-ғажайып оқиғаларға толы "Винни-Пух әрі бәрі, бәрі, бәрі" атты ертегі-хикаяның авторы. Аю қонжығы Винни Пух пен Кристофер Робин және олардың достары әлем елдерінің балаларының сүйікті кейіпкерлеріне айналғанына биыл 90 жыл толады. Кітап алғаш рет 1926 жылы қараша айында Англияда жарық көрген.

Кітаптың әр 18 тарауында аюдың қонжығының басынан кешкен әр түрлі оқиғалары суреттеледі. "Винни пух" кітабын орыс тіліне Борис Заходер, ал қазақ тіліне белгілі балалар ақыны Ермек Өтетілеуов аударған.

Голливуд даңқ саябағында №2308 жұлдыз бар. Бұл ескерткіш таңба "Уолт Дисней" компаниясы жасаған әйгілі мультфильмдердің кейіпкері Винни пухқа қойылған. Ал Лондон хайуанаттар бағында Винни-Пух әрі бәрі, бәрі, бәрі ертегісінің кейіпкері қонжық Винни-Пухқа ескерткіш қойылған.

Қиялдар елі, Ең елгі, Ең тартымды, ИА-ның туған күні, "Сыйдықты таңда", "ИА-ға үйшік", "Сөзді жаластыр", "Сөзжұмбақ" т.б. айналымдардан тұратын ойын-мерекеде түрлі ойындар, қойылымдар, викториналар, сурет сайысы, көрермендермен ойындары ойнатылды. Шара флеш-моб және мультфильм көрумен аяқталды. Мереке өте қызықты, әрі тартымды өтті.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана.

Талаптың мініп тұлпарын

Жас әнші Жаннұр

Жас әнші Жаннұр Аманбаева Арал қаласындағы №83 мектептің 8-сынып оқушысы. Дәлірек айтқанда, алдағы жаңа оқу жылында 9-сыныптың табалдырығын аттайтын өнерлі өрен.

Жаннұр аяғын апыл-тапыл басқаннан бастап Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Мәдина Сәдуақасова, Жеңіс Ысқақова сияқты кең байтақ елімізге танымал әнші тәтелеріне ұқсауды армандап өскен еді. Арман алдамайды екен. Егер талабыңды тас қияға талпындыра білсең. Жаннұрды осы өнерге алғаш баулыған Арал қалалық өнер мектебіндегі ұлағатты ұстазы Алтын Қожабайқызы Омарова ұдайы шәкіртіне білгенін үйретуден жалықпады.

Бастауыш сыныпта немерелерінің өнерге бейімін байқаған атасы Аманбай мен әжесі Мариямкүл Жаннұрға бірінші кезекте қолдау білдірді. Екеуі қосарлана жүріп кішкентай Жаннұрдың өнер мектебіне орналасуына, мектептегі сабақ үлгерімінің ойдағыдай болуына көбірек көңіл бөліп отырды.

Тіпті Жаннұрдың Астана, Мәскеу, Алматы қалаларындағы өнер сайыстарына сүйікті әжесі Мариямкүлдің өзі бас-көз болып ертіп жүретінін біздер жақсы білеміз. Бір кездері атасы Аманбай мен әжесі Мариямкүл Арал қаласынан 30 шақырым алыстағы Көшбөген ауылында туып-өскен бірі балықшы, сәл кейінірек сауда қызметкері, екіншісі үй шаруасын ұршықша үйірген байсалды, байыпты бәйбіше атанған ақжаулықты ана. Айтпақшы Аманбай Әлимағамбет баласы сонау 1968 жылы алғаш балықшы кәсібіне кірісер алдында сала салты бойынша ұлан-асыр той жасаған. Тіпті, тойға сол тұстағы астанамыз Алматыдан белгілі кинорежиссер Ораз Әбішев асай-мүсейін асынып жеткені бөгендіктердің әлі күнге жадында болар.

Сөйтіп, республика кинотеатрлары мен ауылдық клуб сахналарында О.Әбішев түсірген әйгілі "Бір хаттың ізімен" атты деректі кинофильм біраз дәуірлеген болатын. Соның басты кейіпкері сол бір жылдары Көшбөген ауылының жас балықшысы, атақты балықшылар әулетінің он жеті жасар өрені біздің Аманбай болатын.

Міне, осындай әулеттен қанат қаққан Жаннұрдың өнері нағашы атасы Шынарбайдың Шамшасынан жұққан болар. Өйткені, Шамша ағамыз аядай ауылдағы жалғыз дүкеннің кілтіні



ұстағанмен өнері өңірге аян болған адам еді. Тіпті, кішкентай дүкен сөресінің аржағында тұрып-ақ "Айттым сәлем Қаламқас", "Ләйлім шырақ" тәрізді Абай мен Біржан Салдың, Шәмші Қалдаяқовтың "Бақыт құшағында", "Арыс жағасында", Әсет Бейсеуовтың "Мұңайма" атты әуезді әндерін әуелете шырқап тұратыны біздің есімізде еді.

Міне, осындай алтын бастаудан бойына қуат, ойына шуақ дарыған кішкентай Жаннұр Аманбаева айналасы бірер жылдың арасында бірнеше мәрте оқушы өнерпаздардың республикалық, халықаралық байқауларында топ жарды. Мысалы, 2014 жылы "Асыл мұра" VI республикалық ән-би байқауының және "Баян сұлу" I республикалық конкурстарының бас жүлделерін жеңіп алған Жаннұр бауырын жаңа жазған жүйрікше шашасына одан әрі шаң жұқтырмай шапты. Сонан бір бәйге дегенің толассыз жауған ақ нөсердей шелектеп құйып береді дейсін.

Астана қаласында өткен үшінші республикалық конкурста және XVI облыстық Абай оқуларының "Көңілім енді ұғады" номинациясы бойынша жеңіп алған I-орындары, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Астанадағы IV халықаралық, Қазақстан-Ресей конкурстары мен жуырда Мәскеу қаласында өткен славян халықаралық музыка фестивалында бас жүлдені қанжығасына байлаған шәкірт әншінің болашағы зор, арманы асқақ. Лайым, арманың асқар биігінен жарқырап көріне бер, Жаннұр!

Т.НҰРЖАН-БАЛТА

Білеміз, ойнаймыз - ақылдылар сайысы

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі "Білеміз - ойнаймыз" атты ақылдылар сайысын өткізді. Оған №198 орта мектептің "Планета детства" жазғы лагеріндегі балалар қатысты.

Ақылдылар сайысы 12 айналымнан тұрды. Атап айтқанда: "Сәлемдесу", "Ширату", "Суретімді сал", "Сөзді аяқта", "Шрифтограмма", "Жауабын тап", "Ең зерек", "Бояма", "Оқиға ойлап тап", "Білімдар", "Сиқырлы сандықтағы ертегілер", "Сөзжұмбақ". Сайыс өте тартымды, әрі қызықты өтті. Шара



соңында балалар флешмоб билеп, ертегі-фильм тамашалады.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана.

Талаптылармен таныстырамыз

Бәрекелгі

Құрметті “Бал дәурен”
газетінің оқырмандары

Естеріңізде болса, еліміздің білім беру саласында өзіндік орны бар, талантты жастарға республикалық деңгейде қолдау көрсетіп келе жатқан аталмыш “Платон Халықаралық дамыту орталығы” халқымыздың бас ақыны, философ, қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың 170 жылдық мерейтойына арнап ұйымдастырған “Біздің ғұламалар” атты республикалық шығармалар байқауында Қармақшы ауданындағы Ұ.К.То-

манов атындағы №183 орта мектептің 5 “А” сынып оқушысы Ләтипа Ермағамбетова “Атымды адам қойған соң...” атты ерекше шығармашылық жұмысы үшін жүлделі І-орынды иеленіп, жеңімпаз атанғанын сүйіншілеп жазған болатынбыз. Бүгін талапты жас Ләтипаның сол шығармасын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Жаңагүл ДЕГЕНБАЕВА,
№183 орта мектептің мұғалімі.

“Атымды адам қойған
соң...”

- Жүректі жұбатамын енді немен, Өзіңсіз жұпынымын Абай - өлең. Көңілім талпынады биігіңе, Жүрегім бар өзіңе елжіреген, - деп Абай атаға деген махаббатымды, құрметімді осы өлең жолымен бастап, жеткізгім келеді. Екі ғасырға жуық халқының қасынан табылған, біреудің сырласы, біреудің мұңдасы болған, біз сияқты артындағы ұрпағын сан тақырыптағы өлеңдерімен табындырған, қазақ халқының маңдайына жазылған бағы, жарық жұлдызы, дара тұлға Абай атамызды қалайша “әулие” демесің?!

Жалғыз жұлдыз соншалықты жарық болғанымен, бүкіл аспан астына жарық төгуге сәулесі жетпейтіні шындық. Сондықтан, әр жұлдыздың өз орны бар, бір-бірін ауыстыра алмайсың.

Жұлдыздар - көп. Бірақ, аспан - жалғыз. Абай - жалғыз. Жапандағы жарықсыз қара түн ішінен сезіміне серік болар сәуле іздеген ұлы ақынның, болашақты болжаған ойлы адамның адамзатқа аманат-арызындай мына өлең жолдары осындайда еркісіз ойға оралады:

- Жүрегімнің түбіне терең ойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Иә, Абай атамыз болашаққа сөзін осылай арнады. Сөз тыңдайтын құлақ, сырласатын жан таппай, “жапандағы бақсының моласындай жалғыз қалып” қамыққан сәттерінде туған өсиет өлеңі еді бұл.

Осылайша, ол даланы торлаған надандық түнегіне шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсете білді.

Әрине, біз “Адамзаттың Абайы” атанған данышпанды тануымыз үшін, ең алдымен оны әлемге танытқан Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясын оқуымыз қажет. Өлеңдері мен қанатты қара сөздерін оқып, ондағы пәлсафалық ойлары мен ол қалам тербеген сан алуан тақырыптарын салмақтай білуіміз қажет. Осы тұрғыдан алғанда, “Адамзаттың Абайының” өзі де, айтар ойының да терең екендігі әріп тани білетін әрбір жанға аян. Сондықтан да, оқушы, студент, мұғалім немесе ғалым болсын, дәл осы данышпан Абайға келгенде, ол туралы жазуға талпынғанда оның “қай қырын алсам екен” деп қиналатыны ақиқат. Ол - Абайдың тереңдігінен, басқаларға ұқсамайтын

мәні, өмірдің сәні жатыр деп білемін. Ал:

- Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын? - деген жолдарды оқығанда, өзінің ана тілінде, Абай тілінде екі ауыз сөздің басын құрап айта алмайтын, арғы тегін, жеті атасын білмейтін, қасиетті Жер-Анамызды саудалаған, ақша үшін ұятын беліне байлаған, шен-шекпен, атақ-даңқ үшін бәріне даяр кейбір адамдар көз алдыға келеді...

- Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,

Шошымын кейінгі жас балалардан, - дегенін де көріпкелдік, данышпандық демей көріңізші! Арақ пен напша-қорлыққа салынған, еңбексіз табыстың жолын іздейтін, намыссыз, болбыр, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіре алмайтын жастарымыздың бар екені де жасырын емес.

Абай атамыз қазақ даласындағы осындай қатерлі дерт, асқынған аурулардың алдын алуға талпынған, сол сырқаттың диагнозын да дәл қойып, тіпті, емдеу жолдарына дейін айтып кеткен данагөй-философ, іштің мұзын көзді жасы, жүректің қанымен еріткен көреген-ойшыл.

Сондықтан да ол ем қонбайтын, сөзге болмайтын пенделерді көргенде:

- Қайран сөзім қор болды,
Тобықтының өзіне, - деп қамығады.

Тобықты - Арғынның бір атасы болғанымен, бұл иісі қазаққа айтылған сөз екендігі шындық.

"Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" деп егілген Абай атамыз туған халқын қаншалықты жақсы көрсе, сол халықтың бойындағы ерсі мінез, кесір қылықты, даңғойлық пен мансап-қорлықты, еріншектік пен намыссыздықты соншалықты жек көргені де рас. Абай атамыз "қазақтың жауы - қазақ" дегенде, барлық қазақты емес:

- Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап
Бұларды керек қылмас ешкім

қалап.

Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап, - деп қасиетін жоғалтып, қасіретке жолыққандарды тілге тиек етеді. Қазақ тағдырында жиі кездесетін сақындық, опасыздық та Абай атамыздың өлеңдерінде дәл бейнеленген.

Айта берсек, Абай өлеңдеріндегі философиялық өлеңдерді тізіп тауыса алмаспыз. Оның шын құдіретін, ғажайып қасиетін кеудесінде сәулесі бар оқырман ғана аңғарады. Мұндай философиялық ойды “Қаны қара бір жанмын, жаны жара” деп “ұлып жұртқа қайтқан ойдың” иесі ғана айта алса керек.

Осылай деген Абай халық бақытын көксеп, бүкіл саналы ғұмырын сол жолға арнады. Осы жолда күні-түні ой толғап, мағыналы сөз, өзінің өнегелі өмір жолымен өшпес із қалдырды. Қанша ғасыр, қанша жыл өтсе де оның ісін кейінгі ұрпағы жаңғыртып, жаңартып көдесіне жаратып келеді. Сондықтан да Абай атамызды біз “Ұлы ұстаз” дейміз.

Абай атамыз алдына қойған ұстаздық мақсатын “Мақсатым - тіл ұстартып, өнер шашпақ”, деп көрсетсе, “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” атты өлеңінде:

- Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, - деп өмірлік мұрат, ұстаздық мақсаты кімге арналғанын айтады. Абайды “Ұлы ұстаз” атауымыздың да себебі жоқ емес. Абай атамыздың ұстаздығы жөнінде аз-кем оқығаным бар.

Абай атамыз өзінің балалары мен

Сырт-Қасқабұлақты мекен етіп отырған жастарға ұстаздық қызмет етіпті. Оларды ақын Шыңғыстауға қонаққа келген білімді, оқымысты адамдармен таныстырып, өсиет сөздерін тыңдатып жүреді екен. Абай атамыздың қолында, ауылында өскен шәкірт балалар, жас қыздар, тіпті, келіндері де Абайдай атамыздың алдын көріп, өсиет-өнегелеріне қанығып өскен. Хакім Абай атамыз шәкірттеріне өлең, тақпақтар жаттатқызып, оларға кезекпен ертегілер, аңыздар айтқызып, оны өзі де елтіп тыңдап отыратын болған. Осындай ұстаздық қызмет, тағылымды тәлім үстінде Абай атамыздың сиясы кеппеген өлеңдерін өз аузынан естіп, алғашқы тыңдармандары атанып қана қоймай, жаттап, елге таратқан Пәкизат, Уәсила, Әсия, Рахила сияқты сауатты, тәлімді қыздар өсіп, олар ұзатылар уақыттарында сандықтарының түбіне ең асыл бұйым ретінде Абай атамыздың өлеңдер жинағын салып әкететін болған екен.

Балалықтың сырын, мінезін білмей, оған қаталдық еткен ата-ананы Абай атамыз үнемі мінеп отырған. “Балаға ақылын бұрын бермей, ашуын бұрын берген атадан бала үлгі ала алмайды. Ол да ашуланады”, дейді данышпан ақын. Бұл да - Абай атамыздың ұстаздық қызметінің бір қыры.

Абай атамыздың маңынан елдің талапкер жастары, өнерге ынтық жандардың бәрі арылмаған. Үнемі Хакім атаның айналасын, ауылын, үйін қау-малап жүріп, Абайдан тәлім-тәрбие алуға тырысқан.

Ел аузында айтылып жүрген аңызға сүйенсек, бірде аға сұлтан Құнанбай еліне шет елден бір топ зиялы кісілер сапарлап келіпті. Он екі қанатты киіз үйдің ішінде Абайдың жанынан шықпай, оны қоршап отырған жастарды көрген қонақтардың бірі:

- Бұл қазақтың жастарына үлкен бақ берген екен. Ол бақ - күнде жастардың ортасында, күнде олардың қасында жүрген, оларға ұстаздық етіп, өнер, ілім үйретіп отырған Абай! Мандайымызға Абайды бір рет көруге ғана жазған біздің айтсаңызшы, - деп қапаланған екен.

Иә, шет елден келгендер айтыпты демесе, шыныменде, Алла Тағала бізге Абайды тарту еткен. Адамзаттың бәрі мойындаған Ұлы Абайдай мәңгілік өлмейтін тұлғамыз бар біз - бақытты ұрпақпыз! Оны тілмен айтып жеткізу әсте мүмкін емес.

Абай - таусылмайтын тақырып. Ол туралы қалам тербеп жаза бергің келеді. Әр қырына жеке тоқталғың келеді. Бірақ, ақ қағаз да шектеулі. Шектеусіз нәрсе жоқ. Өмірдің өзі де шектеулі. Бірақ, Абай - шектелмейді. Данышпан ақынның сөзі, өсиеті шектелмейді. Оның таусылмайтын тақырып болатындығы да сондықтан.

Осынау шектеулі өмірге келген, “атын адам қойған” әрбір пенде өзінің артына сөнбейтін сәуле қалдырып кеткісі келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Абай атамыз өзінің өмірлік мұратына толық жеткен ойшыл. Болашақ ұрпағына жол көрсетіп кеткен данышпан.

Олай болса, хакім ата туралы шығармамды:

- Абай - бедел, ұлтымыздың ұраны,
Мәңгі маздар сөнбейтұғын шырағы.
Адамзатқа сыйлаған бір кеменгер,
Бұл қазақты осал бопты демендер! - деген жыр жолдарымен аяқтағым келеді.

Ләтипа ЕРМАҒАМБЕТОВА,
Ұ.К.Томанов атындағы №183 орта мектептің оқушысы.
Қармақшы ауданы.



Суретті салған 1 “А” сынып оқушысы Мереке ӘЛІБЕК.

Балаларға базарлық

Кішкентай балық туралы ертегі

...Ерте,
ерте,
ертеде,
Біздер туған өлкеде,
Көк теңізде көрікті,
Бұл оқиға болыпты.

... Су астында тұңғыық,
Күн түспейтін,
нұр құйып.
Титтей балық жүзіп жүр,
Жалғыз өзі,
Қызық бұл!

Батқан суға қалашық,
Кеткен сонда адасып.
Сонан бері маңайы,
Су астының сарайы.

Қабырғасын мұк басқан,
Топан суда құт қашқан.
Маржан тастан құраған,
Мұнарасы құлаған.

Қалған қала қаңырап,
Балық біткен жамырап.
Жүзбейді бұл маңайда,
Кірмейді алтын сарайға.

Көк балдырды паналап,
Ұлу тасты жағалап.
Жүзеді ол қорықпай,
Жүрек жұтқан балықтай.

Әкесі оның қайда екен?!
Анасы оның қайда екен?!
Шиырлап су арасын,
Таппай жүр ме баласын?!

Кіп-кішкентай балығым,
Түртіп балдыр қалыңын.
Тоқтап-тоқтап шамалы,
Желбезегін қағады.

Ақ шабағы, сазаны,
Бәрі асығыс, ғажабы.
Алабұға, нәлімің,
Мұршасы жоқ бәрінің.

Көк серке де, албырт та,
Теңіз деген бар жұртта.
Көзді арбайды көптігі,
Көрер емес тек мұны.

... Бірде жайын тап келді,
Жыртқыш шортан шап берді.
Жайын айтты: -Жеймін деп,
Шортан айтты: -Жеймін деп.

Балық болса кішкентай,
Бейне зулап ұшқан тай.
Тастан пана тауыпты,
Жалғыз жүзу қауіпті.

Жүзе берді тоқтамай,
Көрді қызық көп талай.
Жүз жыл бұрын тереңге,

Батқан әне, кемең де.

Каюта мен діңгегі,
Лай басқан мүлде оны.
Маңайлап дәу зәкірін,
Жүзіп өтті ақырын.

Алтын, күміс шашылып,
жатыр екен,
асығып.
Өте шықты қарамай,
Үркіп жерден сонадай.

Кезіп теңіз қиырын,
Табу үшін үйірін,
Кіп-кішкентай болғанмен,
Таудай талап, арманмен,
Тынбай жүзіп келеді.
Қарсы ағысқа кездескен,
Тұрмай жүзіп келеді.

Балдырлар - бал, шекері,
Қай тұста екен мекені?!
Жүзе берді үнемі,
Су түбінің түнегі,
Бөгет емес түк те оған,
Ержүрек жоқ мықты онан.

Сақ қарайды жан-жаққа,
Жоламайды қармаққа.
Онан әрі шағын бір,
Қап-қараңғы бар үңгір.
Сонан аман өтсе егер,
Басқа азабы жоқ шегер.

Күндердің бір күнінде,
Терең теңіз түбінде.
Бәрін артқа тастады,
Жүзе берді,
саспады.

Титтей балық кешікпей,
Жүзген соң жер есіктей.
Көзінің сап қиығын,
Көрді өзінің үйірін.

Шаттанғаны секілді,
Шоршып суда секірді.
Балық екеш балығың,
Елжанды екен
Таныдым!!!

Адасқанда "қап!" дедім,
Ақыры іздеп тапты елін.
Сүйіп өскен туғалы,
Халық үшін қонысы.
Жүзген еркін судағы,
Балық үшін өрісі.
Тұратынын бірінші,
Балақайлар, ұғыншы!

Сөйтіп барша өмірі,
Өрісінде өтіпті.
Су түбінде ең ұлы,
Мұратына жетіпті.
Мекені ана, атаның,
Қымбат туған Отаным!!!

Обал мен сауап

Батасымен баурап жұртын,
Жүрген атам бір ойменен,
Аппақ күміс таулап мұртын,
Сәл ойланып былай деген:

-Тыңда, кеңес балам менен,
Арамдық бар адалменен.
Қазақ үшін қастерлі ұғым,
Сауап пенен обал деген.

Бүлдірме құс тыныш бағын,
Бүзба илеуін құмырсқаның,
Бей-берекет шашпа суды,
Байқа балам, баспа күлді.

Өскен жаңа көкті жұлма,
Көше бойлап кетті жылға.
Таспен оны бөгемендер,
Жолын ашқан көгереді ер.

Қозы-лақтың басына ұрма,
Жараспайды асыл ұлға.
Әркім мұны обал дейді,
Адал болсын адам пейілі.

Әжем де онан қалыспайды,
"Қарағым" деп дауыстайды.

-Кездессе іс тауаныңа,
Үлкен-кіші сауабына,
Кенелетін кезің жетті,
Құлағың тос жауабыма...

Өмір көші тартады алға,
Болғаның жөн мәрт әмәнда.
Көшедегі көмек күткен,
Қол ұшын бер қарт адамға.

Қорқақтар тек бата алмаған,
Құтқар жанды батқан көлге.
Көзің шалса көтер, балам,
Нан қиқымын жатқан жерде.

Үрпиісіп тоңбай ма ол да?!
Ұя жаса торғайларға.

Қалма ешкімнің зауалына,
Қанағат қыл жауабыма.
Обалды ойлап, тіршіліктің
Кенел өстіп сауабына.

Ұя

Ұлар құстың ұясы -
Ұлытаудың қиясы.
Қыран құстың ұясы -
Алатаудың қиясы.

Мекен еткен қаланы,
Таң қалдырды баланы.
Қарлығаштар ұясын,
Ауыз үйге салады.

Көрші сотқар Аман да,
Қорғайды оны,
Сонан ба?!
Әжем ылғи айтады:
-Қарлығаш - дос адамға.

-Үркітпендер тек оны,
Қарлығаш үй қонағы.
Ауыз үйге сап қойған,
Ұясына қонады.

Бүзба ұясын қарағым!
Құстың да бар обалы.
Балапанға сондағы,
Әжем бәйек болады.

Ұя бейне алақан,
Іші толған балапан.
Аузымен жем тасиды,

Жаны әжемнің ашиды.

-Қайтсін байғұс анасы,
Жоқ қой басқа шарасы.
Жем тасиды аштан аш,
Қалмасын деп баласы.

Ұя туған мекендей,
Жемі бал мен шекердей.
Құйттай аузын ашады,
Балапандар бөпемдей.

Бәрі сондай сүйкімді,
Түсірмейді қиқымды.
Жоқта анасы шиқылдап,
Бұзады тек ұйқымды.

Ұясынан шамалы,
Ұзамайды ол әрі.
Адамның да, құстың да,
Өз ұясы болады.

Айтқан атам жиі аңыз,
Жер - ол біздің ұямыз.
Тату болсақ бәріміз,
Ұямызға сиямыз.

Толыбай АБЫЛАЕВ.


Жайлау



Жайлауда мал жайылады. Ол жердің табиғаты өте керемет! Бұлақтары мөлдір, суы таза, шөбі шұрайлы, ауасы да таза. Таудың етегінде киіз үйлер орналасады. Ата-бабамыз ертеде киіз

үйлерде өмір сүрген.

Ерасыл ЖҰМАБАЙ,
№4 мектептің 2-сынып оқушысы.
Қызылорда қаласы.



Суретті салған 4 "А" сынып оқушысы Аққу ЖАҢАБАЙ.



Суретті салған №4 мектептің оқушысы Ардақ ШОРМАН.

Жаңалықтар.Хабарлар

“Білімді мыңды жығар”



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі 15 маусым күні “Білімді мыңды жығар” атты ойын-сайыс өткізді.

Мақсаты, оқушылардың білімге деген құштарлығын, білім деңгейін нығайтып, біліктілігі мен білімділігін дамыту, логикалық ойлау қабілетін, дүниетанымын, қызығушылығын арттыру, оларды шығармашылық ізденіске баули отырып, ұқыптылыққа, бірлікке, ынтымақтастыққа, шапшаң-

дыққа, белсенділікке тәрбиелеу.

Іс-шараға №197, №271, 278 орта мектептердің “Күншуақ”, “Ақ желкен”, “Балдәурен” жазғы тынығу лагеріндегі балалар белсене қатысты. Шара соңында балалар кітапхана бөлімдеріне саяхат жасап, “Кітаптар патшалығына саяхат” және “Жазғы демалыс - жақсы кітап” атты кітап көрмелеріндегі әдебиеттермен танысты.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана.

Сурет салу сайысы



Қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында орталықтың әртүрлі үйірмелеріне қатысушы оқушылар арасында “Жоқ, рахмет!” тақырыбында сурет сайысы және салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау мақсатында тренингтер мен флешмоб өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты адамдыққа жат, иманға қас қылықтардан өскелең ұрпақтың бойын аулақ ұстап, өмірдің дұрыс жолымен жүруге бала күннен бастап бағыт беру болды.

Ал, сурет сайысында бейнелеу өнері бойынша балалар нашакорлыққа қарсы пікірлерін майлы бояумен бейнелеп, жүйрік ойларымен ұйымдастырушы-ұстаздарды сүйсіндірді.

Көңілді әуендерге құрылған флешмобқа да қатысуға ниет білдірген балалар аз болмады.

Б.НАКИШЕВА,
Қызылорда қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының педагогы.



Суретті салған
1-сынып
оқушысы
Бекжан ЕРСІН.

Құттықтаймыз!

Ғайни - Азия чемпионы

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің жолдауында әрқайсымыз жаңа белестерді бағындыру, жақсыға ұмтылу, бәсекеге қабілетті болу - спорттық алаңдарға тән адамдардың қасиеттерін өмірімізде пайдаланудың маңыздылығын тағы бір мәрте ескерсек, сонда біз болашақта бұдан да биік асуларды бағындыра береміз, - деген болатын.

Елбасымыздың осы сенімін ақтап жүргендер қатарында Сыр бойының Қызылорда қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейдің 10 “Ә” сынып оқушысы Нұрмахан Ғайни да бар. Ғайни - бала кезінен жылдам, шапшаң, алғыр, спортқа әуес болды. Мектепте жүріп-ақ, әртүрлі спорттық іс-шараларға қатысып, дене шынықтырудан беретін ұстаздарының назарына ілікті. Ұстазы Құлымбетов Әбдіқадір ағайдың кеңесіне құлақ түріп, 6-сыныпта оқып жүргенде қаламыздағы дзюдо секциясына жазылды. Бойына табандылық пен шыдамдылықты серік еткен Ғайни көп уақыт өтпей-ақ тренерінің сенімінен шыға білді.

Қазіргі таңда Ғайниға №2 ҚОМБЖОРМ мектебінде халықаралық спорт шебері Жалғасова Айгерім Серікқызы дәріс беруде. Үздіксіз дайындықтың арқасында қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйымдастырған бойынша ересектер арасындағы ашық біріншілікте 52 келі салмақ дәрежесінде жүлделі I-орын, Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған жасөспірімдер арасындағы облыстық біріншілікте 53 келі салмақта I-орын жеңіп алды. Ақтау қаласында өткен Қазақстан Республикасы чемпионатында панкратион күресінен 50 келі салмақта II-орынға ие болып, грепплинг күресінен 53 келі



салмақта жүлделі I-орынға ие болып, Азияға жолдама алды.

Алматы қаласында өткен панкратионнан Азия чемпионатында 56 келі салмақта жүлделі I-орын алып, Азия чемпионы атанып, тамыз айында АҚШ-тың Чикаго қаласында өтетін, қыркүйек айында Грузияда өтетін әлемдік жарысқа жолдама ұтып алды.

Осындай ер жігітке тән спорттың түрін бағындырған Ғайни отбасында елгезек, анасының сенімді серігі. Сондай-ақ, Ғайни сурет өнерінің де шебері. Қалалық, облыстық сурет өнері байқауларының жеңімпазы.

Оқу мен спортты қатар алып, сыныбымыздың, мектебіміздің мақтанышына айналған Ғайниға болашақта Тәуелсіз Қазақстанның туын көкке желбіретер олимпиада чемпионы болуына тілектеспіз!

Әсия КАЛЕНОВА,
№10 мектеп-лицей мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

Салауатты өмір - көтеріңкі көңіл



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінде осындай атпен ойын-сайыс өткізілді.

Оқушыларға адам денсаулығының бағалы байлық екенін түсіндіру, олардың салауатты өмір туралы ұғымдарын кеңейту, дене, жеке бас гигиенасын сақтау және жаман қылықтардан бойын аулақ ұстау, денесін шыңдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, талғампаз да қанағатшыл, таза да әдемі болуға шақыратын ойын-сайыс барысында балалар денсаулық, салауаттылық, дене гигиенасы туралы әңгіме тыңдап, сурет салып, ертегілер еліне

саяхат жасады, мақал-мәтелдердің жалғасын айтып, “Арқан тарту”, “Ақтерек, көктерек” ойындарын ойнап, викториналық сұрақтарға жауап берді.

Бұл сайысқа №140 және №4 Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектептерінің “Балдәурен” жазғы тынығу лагеріндегі балалар белсене қатысты. Шара соңында балалар кітапхана бөлімдеріне саяхат жасап, “Кітаптар патшалығына саяхат” және “Жазғы демалыс - жақсы кітап” атты кітап көрмелеріндегі әдебиеттермен танысты.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана.

Меншік иесі:
“Сыр мектебі”
жауапкершілігі

Айына екі рет шығады

Бас редактор Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет редакция компьютерінде теріліп, беттелген.

“Сыр медиа” ЖШС баспаханасында басылды.

Тапсырыс 875

Газет Қазақстан
Республикасы Ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2001 жылы
28 қазанда тіркеліп, №2418-Г
куәлігін алған.
Индексі 65639.
Таралымы 1123 дана.

Мекен-жайымыз:

Қызылорда қаласы, Тасбөгет қонысы,
М.Шоқай көшесі №8 үй.

Телефондар:

Бас редактор: 21-50-75.

Тілшілер, есепші: 40-06-72.

E-mail: syrmektebi@mail.ru